

22.04.2024 ж №Y00064

Ұлттық қолөнердің тәрбиелік мәні

ОРАЗАЕВА ГАЛИЯ КАЖИКЕНОВНА **Абай облысы Үржар ауданы Сегізбай ауылы** **«Тасбұлақ орта мектеп-бақшасы» КММ** **Көркем еңбек пәні мұғалімі**

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, кәсіпке даярлау үшін әр оқушыға қабілетіне сәйкес келетін білім беру қажет. Адамға ең бірінші еңбектің қажеттігін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән технология . Бір-бірімен жалғасып келе жатқан технология оқу пәнінің білім стандартындағы басты мақсат- оқушыларды белгілі бір кәсіпке бағдарлы оқыту болып табылады. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу арқылы іске асыру технологиясын жасау, оқуды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған шығармашылық үйірмелермен жұмыс жасаймын. Адам баласы туа сала емес, көре-көре жүре-жүре жетіледі. Өмір сүруіне қажетті игіліктің бәрі еңбектен табылатынын, адамдардың барлығы еңбектің нәтижесінде жақсы жетістіктерге жүргендіктерін өмірмен байланыстырып түсіндіремін. Оқудың қабілетін және белгілі бір кәсіпке бейімделетінін айқындай отырып әр оқушыға жеке тақырыптарды өмірмен байланыстырып бағыт-бағдар беріп отырамын. Сонда ғана оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Сонымен "сән" үйірмесінің бағыты ұлттық қолөнерге негізделген. Жеке оқушының шығармашылық жұмысы да болашақта осы кәсіпті игерудегі айғағы. Әр оқу жылының соңында апталық өткізіп, көрме ұйымдастыру жылдық дәстүріме айналған. Ондағы себебім бәсекелестік қоғамда өмір сүруге оқушыны бейімдеу- заман талабы. А Байтұрсыновтың "Басқадан кем болмас үшін біз білімді күшті болуымыз керек" Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек деген сөзіммен ойымды түйіндесем. Қазақ халқы талғампаз халық. Ұрпағына қалдырған бай мұрасы- тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірбиесіне толы. Әр халықтың ұлт екенін дәлелдейтін үш анасы бар: сөз өнері, қол өнері, саз өнері. Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерімізді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, дәстүрімізді қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгілермен еніп, оқушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беруге, жаңаша еңбек етуге талпынуда. Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жетқан бай қазына. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдары әсемдігі, өрнегі тұрмысқа сән берумен адамдарға рухани ләззат әкелген.

Көз салып, байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі түсті ою-өрнек адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасып, сонау заманнан келе жатқан қарым- қатынасын, көңіл күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау еткен. Тұрмыста тұскиізді әсемдік үшін кереге ұстаған, ал қалың киізден жасалған тұскиізді суықтан қорғану үшін пайдаланған. Өнертаусылмас азық, жұтамас байлық дегендей, ана-әжелерімізден жеткен қолөнерімізді ұрпақтан - ұрпаққа бұлжытпай жеткізу біздің ұстаздық парызымыз. Ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі жалғасын тапқан бабалар мұрасы тек шеберлікпен іскерлікті игеру ғана емес, адамзаттың әлемді рухани-эстетикалық татулық «заттанған» көрінісі. Халықтың рухани бәйтерегі- қазақ қолданбалы өнеріндегі кеңістік пен уақыт ұғымдарында эстетикалық тәлім-тәрбие жатқанына көз жеткіземіз Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі әсемдікті танып, оны сүйіп, қастерлей білетін адам болып табылады. В. Белинский былай деп айтқан: «Әсемдікті сезіну- адамгершілік қасиеттің шарты. Тек осы сезім төңірегінде ғана ақыл-парасат болуы мүмкін..., тек осы сезіммен ғана азамат өзінің жеке басының мүдделерін де, өзінің жеке көзқарасын да отан үшін құрбан ете алады, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, ... эстетикалық сезім жақсылықтың негізі, адамгершіліктің негізі.» Яғни, эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу-ұлттың өмірге мұқият зейін салуды талап етумен қатар балалардың, ақуал ойын, дүниетанымын дамытады. Эстетикалық сезім- адамның еңбек үстінде тарихи қалыптасып дамыған рухани қасиеттерінің бірі. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев: «Жартылыстың, һәм искусствоның сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Ұлбіреген гүл, сұлу ай жұлдызды түн міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері... адам жанының сұлулық толқынын оятып, сезім туғызбай қоймайды. Сұлулық сезімдері адамның сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан тиылуына көп көмек көрсетеді. Сондықтан, баланың сұлулық тәрбиесіне жақсы ықпал жасауға тиіспіз.» деп өмірдегі, өнердегі сұлулық пен ұсқынсыздықты дұрыс қабылдауы, түсінуі мен сезінуі тиіс. Ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі жалғасын тапқан бабалар мұрасы тек шеберлікпен іскерлікті игеру ғана емес, адамзаттың әлемді рухани-эстетикалық татулық «заттанған» көрінісі. Халықтың рухани бәйтерегі- қазақ қолданбалы өнеріндегі кеңістік пен уақыт ұғымдарында эстетикалық тәлім-тәрбие жатқанына көз жеткіземіз: Біріншіден, қазақ қолданбалы өнерінің ішкі тылсым сыры ұғылады (қабылданады). Екіншіден, уақыт арқылы өткенді зерделеп бүгінгіні анықтап, болашақты бағдарлайды. Үшіншіден, кеңістік көріністері бүгінгі ұрпаққа «ата-жұрт», «ата-мекен», «елім-жерім», «туған өлке» ұғымдарын қалыптастырады.

Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі әсемдікті танып, оны сүйіп, қастерлей білетін адам болып табылады. В. Белинский былай деп айтқан: «Әсемдікті сезіну- адамгершілік қасиеттің шарты. Тек осы сезім төңірегінде ғана ақыл-парасат болуы мүмкін..., тек осы сезіммен ғана азамат өзінің жеке басының мүдделерін де, өзінің жеке көзқарасын да отан үшін құрбан ете алады, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, ... эстетикалық сезім жақсылықтың негізі, адамгершіліктің негізі.» Эстетикалық сезім - адамның еңбек үстінде тарихи қалыптасып дамыған рухани қасиеттерінің бірі. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев: «Жартылыстың, һәм искусствоның сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Үлбіреген гүл, сұлу ай жұлдызды түн міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттары, көріністері... адам жанының сұлулық толқынын оятып, сезім туғызбай қоймайды. Сұлулық сезімдері адамның сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан тиылуына көп көмек көрсетеді. Сондықтан, баланың сұлулық тәрбиесіне жақсы ықпал жасауға тиіспіз.» Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, кәсіпке даярлау үшін әр оқушыға қабілетіне сәйкес келетін білім беру қажет. Адамға ең бірінші еңбектің қажеттігін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән технология . Бір-бірімен жалғасып келе жатқан технология оқу пәнінің білім стандартындағы басты мақсат- оқушыларды белгілі бір кәсіпке бағдарлы оқыту болып табылады. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу арқылы іске асыру технологиясын жасау, оқуды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған шығармашылық үйірмелермен жұмыс жасаймын. Адам баласы туа сала емес, көре-көре жүре-жүре жетіледі. Өзім сабақ беретін 5-11 сыныптарда оқушыларға қолөнер – әрбір адамның міндетті екенін үйірме арқылы үнемі айтып отырамын. Өмір сүруіне қажетті игіліктің бәрі еңбектен табылатынын, адамдардың барлығы еңбектің нәтижесінде жақсы жетістіктерге жүргендіктерін өмірмен байланыстырып түсіндіремін. Оқудың қабілетін және белгілі бір кәсіпке бейімделетінін айқындай отырып әр оқушыға жеке тақырыптарды өмірмен байланыстырып бағыт-бағдар беріп отырамын. Сонда ғана оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Сонымен "сән" үйірмесінің бағыты ұлттық қолөнерге негізделген. Жеке оқушының шығармашылық жұмысы да болашақта осы кәсіпті игерудегі айғағы. Әр оқу жылының соңында апталық өткізіп, көрме ұйымдастыру жылдық дәстүріме айналған. Ондағы себебім бәсекелестік қоғамда өмір сүруге оқушыны бейімдеу - заман талабы.

Әдебиет: 1. Энциклопедия. - Алматы кітап, 2003

22.04.2024 ж №Y00065

Орыс тілі сабағында жаңа технологияларды қолдану

ДЖУМАТАЕВА ЭЛЬВИРА ШАХИЗАДАЕВНА

Түркістан облысы Бәйдібек ауданы «Қ.Бәйменов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Бұл міндеттерді шешу үшін білім беру ұйымдарының, әр оқытушының күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынастарға өту қажеттігі туындайды..

Қазіргі кезде оқу үрдісін ақпараттық коммуникациялық құралдарсыз көзге елестету қиын. Әсіресе, интернет технологиясы арқылы оқыту өте танымал болып келеді. Интернет технологиясы арқылы оқыту (E-learning) – бұл интернет желісі арқылы оқу үрдісіне қажетті ақпараттың үлкен көлемін тасымалдауды және оқытушы мен оқушы арасындағы интерактивтік арақатынасты жүзеге асырып, осы процестерді компьютерлік бақылауға негізделген. Электрондық оқыту жүйесін білім саласына енгізудегі басты мақсат – білім беру үрдісінің барлық құрамдас бөліктерінің үздік білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі тіл мамандарының алдында өте күрделі міндет тұр: бір жағынан ,міндетті білім деңгейін, біліктілік пен дағдыларын жетілдіру, ал екінші жағынан - жоғары деңгейдегі оқушылардың потенциалдық шығармашылық мүмкіндіктері мен ойлау қабілеттерін дамыту.

Сабақта ақпараттық технологияны қолдану мақсат түрінде емес, оқушы әлемін жетілдірудің бір жолы , пән бойынша қосымша ақпарат көзі, баланың жеке белсенділігі ортасын дамыту түрі, оқытушы мен оқушының өз беттерімен жұмыстануы мен өзіндік білімдерін жетілдіру әдісі ретінде қарастырылады.

Қазіргі мектеп, соның ішінде ауылдық мектеп алдында білім алушылардың мүмкіндіктерін,қызығушылығы мен икемділіктерін ескере отырып,сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеті тұр, тұлғаның әлеуметтену белсендігін дамытып, әдістемелік құралдарды тұтастай қайта қарауға міндетті.

Жаңа ақпараттық технологиялар, сөзсіз, маңызды роль атқарады.

АКТ-ны сабақта қолдану білім алушылардың танымдық қызметін қалыптастырады, білім сапасын көтеруге септігі тиеді, сапалы және тез сабақ дайындалады.

АКТ-ны қолданудың негізгі мақсаты ойлауды дамыту, ойлау қызметінің тәсілдерін қалыптастыру болып табылады.

Компьютерді қолдану мұғалімді сабақтағы күнделікті қайталанатын жұмыстан босатады, яғни тақтаға жазу, тақтаны сүрту. Көрнекі құралдарды таңдауда да жұмысы жеңілдейді. Компьютер мұғалімге жаңа мүмкіндіктер жасайды. Заманауи ақпараттық технологиялар оқушыларға дәстүрлі емес ақпарат көздеріне жол сілтейді, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін игеруді үйретеді.

Орыс тілі мен әдебиетін оқыту үшін қызығушылығын ояту қазіргі уақытта қиындығы бар мәселе, бірақ мүмкіндік бар деп есептеймін. Бұл жерде көмекке мультимедиялық тұсаукесерлер көмекке келеді, оларды жаңа сабақ түсіндіру, сабақты бекіту, қайталау кезеңдерінде қолдануға болады.

Өзімнің оқыту жұмысымда интербелсенді тақтаны қолданамын.

Мақсатым – белсенді, өмірде қолдана алатындай жоғары білім деңгейі бар тұлға тәрбиелеу.

Бұл мақсатымды жүзеге асыру үшін, мен алдыма мынадай міндеттерді қоямын:

- Интербелсенді оқуға дайындығын қалыптастыру;

- Оқу-тәрбие жағдайындағы өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту;

- Өз пәнімді оқытуда оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін қалыптастырып және дамытатын жаңа интерактивтік тәсілдерді енгізу.

Болашақ азаматтар

v Бірге жұмыстануы

v Тең жұмыстану, сонымен бірге басқара да жетекшілік жасай да білу;

v Өзгені сыйлау;

v Өз көзқарасын білдіру.

v Өз пікірін қорғау және түрлі жағдаяттармен байланыстыра білуі керек.

Әр мұғалімнің алдында: оқушы қызығушылығын қалай тұрақтандыру, білім сапасын қалай көтеруге болады деген сұрақтар туындайды. Оның жауабы, әдісте, жаңа технологияларды оқып үйреніп, одан кейін өз жұмысында қолдану.

Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында интербелсенді әдістер оқу процессіндегі өте қажетті нәрсе деп білемін.

1. Интербелсенді тақтаны меңгеремін.

2. Интербелсенді тақта тұсаукесерлермен жұмыс жасауда жаңа мүмкіндіктер береді, яғни слайдтарды көрсету кезінде тақтада берілген мәтінге маркермен түзету енгізуге болады. Жаттығу жұмысында – сөздерге әріптер, тыныс белгілерін қою, жақшаларды ашу.

3. Жаттығулардың келесі түрі – тесттік жаттығулар. Олар Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындыққа есептелген. ҰБТ-ге дайындалуға арналған жаттығулар жиынтығын қолдана отырып, барлық тараулар бойынша ұқсас жаттығулар дайындауға болады.

4. Қазір орыс тілінен тесттік жаттығулардың тренажерлары бар.

Оларды да интербелсенді тақтамен жұмыстану үшін қолданамыз, өте тез оқыған тақырып бойынша білімдерін тексеруге жеңіл, әрі сабақтағы уақытыңды үнемдеуге болады.

1. Жаттығулардың тағы бір тобы - сызба немесе кесте бойынша жетіспейтін

2. элементтерін толтыру.

3. Сөздік жұмыс. Экранның бір сөз немесе топ сөз шығарылады, есте сақтау үшін жазылуы, лексикалық түсінігі беріледі.

4. Үй тапсырмасын тексеруді түрлендіру үшін интербелсенді тақтада мұғалімнің немесе бір-екі оқушының алдын ала дайындаған жаттығу материалдары бойынша өзін-өзі тексеру, өзара тексеру түрлері тиімді.

5. Тақырыптың теориялық материалын түсіндіру үшін сызба немесе кесте түрінде беруге болады.

6. Емле ережесін есте сақтау үшін алгоритм құрастыру жұмысын жасауға болады.

7. Өткен тақырыпты бекіту үшін дұрыс жауаптары берілген сұрақтарды, кезектеп ашып көрсету арқылы білімдері тексеріледі.

8. Дайын дидактикалық материал.

9. Тест түріндегі бақылау.

10. Мәтінмен жұмыс. Мәтін – мұғаліммен алдын ала дайындалған модель, жан-жақты талдаудың негізі болып табылады: орфографиялық, лексикалық, пунктуациялық. Мәтінде ерекше назар аударуға жататын ерекшеленген сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер болуы мүмкін.

11. Мәтінмен кешенді жұмыс.

12. Грамматикалық талдау түрлері.

13. Орфографиялық сауаттылығын дамыту.

14. Интербелсенді тақтада тест арқылы оқушы жоғары қызығушылықпен өткен сабақты қайталап, бекітіп, сол мезгілде өз жұмыстарының қорытындысын көре алады.

Интербелсенді тақта қызметі компьютер мүмкіндіктерін толықтырады және сабағыңды түрлендіруге, есте қалатындай, сабақтың негізгі сәттерін бөліп көрсетуге және оны сақтап қоюға көмегі тиеді. Интербелсенді тақтаны қолдану сабақта уақытты дұрыс пайдалануды үйретеді. Интерактивті әдістердің құндылығы, олардың оқушыны машықтандырып, білім, білік-дағдыларын сабақта және шынайы өмірде жаттықтыруында.

Сонымен даму үстіндегі қоғамға заманауи, білімді, тәрбиелі, жауапты шешім қабылдай алатын, өзара әрекеттесуге қабілетті, жауапкершілігі мол адамдар керек.

Өз жұмыс тәжірибеме сүйене отырып, интербелсенді оқыту арқылы белсенді өмірлік позициясы бар еркін тұлға тәрбиелейтінімізді атап айтқым келеді. Тек өз пікірін жақтап қана қоймай, басқаны да тыңдай білетін тұлға.

АКТ-ны қолданып өткізген сабақ – көрнекті, ақпараты мол, интербелсенді, сабақта мұғалім мен оқушы уақытын үнемдейді, оқушыға өз ырықанда жұмыс жасауға жағдай жасайды, мұғалімге оқушымен топпен немесе жеке жұмыстануға, бірігіп тексеріп, оқыту нәтижесін бағалауға көмектеседі,

Колледжде жалпы білім беретін пәндерді оқытуда АКТ-ны қолдану білім сапасын арттыруға бағыттайды.

Тәжірибеміз бойынша оқушылар:

- Егер сабақта АКТ қолданылса, балалар жоғары жетістікпен оқу материалын меңгереді.
- Интеллектуалдық даму бағытында АКТ-ның маңызы зор.
- Колледж студенттерін әлеуметтенуі үшін өте қажетті - ақпараттық мәдениеті қалыптасады.
- Студенттің рухани, әлеуметтік, мәдени ойы дамиды.

Колледждерде орыс тілін оқытуда компьютерлендіру жұмыс әдісін өзгертеді, ең бастысы нәтижесін береді.

Біріншіден, компьютер өз жадында мол материалды сақтай алады, дер кезінде қажетті ақпаратты тауып бере алады, оны қайта өңдеп, салыстырып, қайта құрайды. / 2, б 4/

Екіншіден, ең маңыздысы компьютер оқушымен диалог жүргізеді. Оның көмегімен кері байланыс жасалады, компьютер «сұхбаттасушы» бола алады, оқушының әр ісіне жауап береді, жауаптарын бағалайды т.б.

Үшіншіден, компьютерді қолдану оқу апаратын кеңейтеді. Графика, мультипликация, дыбыс, яғни барлық заманауи видеотехника құралдарын қолдануға болады.

Төртіншіден, компьютермен жұмыс оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Ол белсенді түрде оқыған материалдарының ең маңызды аспектілеріне назар аударуға көмектеседі,

Бәрінен бұрын, компьютер психологиялық күйзелістен арылтады және қате жауап беріп қалудан қорқуды сейілтеді. /2 б.5/

Қазіргі кезде әлемнің түкпір-түкпіріне SMARTTechnologies компаниялары инновациялық құралдарын ұсынып, жұмыс пен оқытуға деген адамның көзқарасын түбірімен өзгертті. Бұл компанияның жұмыс нәтижесін тапсырыс берушілер: бұлар мұғалімдер, оқушылар және де іскер адамдар SMART құрылғыларының оқытуда жаңа тәсілдер енгізуге, бірлескен жұмыстың жаңа тәсілін ойлап табуға және жаңа идеялар тудыруға мол көмегі тигендігі жөнінде пікірлерімен анықтауда. SMART құрылғыларының ең танымалы 1991 жылы қолданысқа енген интерактивті тақталарды ерекше атап өтуге болады. SMART құрылғылары білім беру жүйесінде де, жоғары білім беру жүйесінде де, бизнес саласында да, әкімшілік пен қарулы күштер саласында да сұранысқа ие. SMART өнімдерін әлемнің 175 елі кең қолдануда. SMART құрылғыларының ең танымалы интерактивті тақталардан басқа, қазіргі кезде интерактивті панельдер, интерактивті орталықтар, үстелдер, интерактивті экрандар, оқушылар үшін жауаптар жүйесі, сымсыз "грифельді" тақталар, күшейткіш аудио жүйелер, документ-камера секілді т.б. бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған құрылғыларды ұсынып келеді. SMART education-нің негізгі идеясы техникалық құралдарды, қызметтер мен интернетті қолдану арқылы адам өмірінің барлық аспектісін жетілдіру болып табылады. Мұндай стратегия АҚШ, Корея, Жапон және еуропа елдері үшін эталонға айналды. Ал Кореяда инновациялық білім беру технологиялары 1996 жылдан беру белсенді дамып келетінін ескеретін болсақ, біздің білім беру саласындағы мұндай инновациялық жаңалығымыз кешеуілдеп дамып келе жатқандығын көрсетеді. Егер дамыған 30 елдердің қатарына енгіміз келсе, білім беру жүйесінің сапасын арттыру мақсатын қойып, білім саласын қаржыландыруы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. SMART – EDUCATION: келешекке бағытталған білім. В.А. Даулетова.
2. С.Рах. Компьютер на уроках русского языка. /Текст/
3. Интернет материалдары.

№ Z00010 25.04.2024 ж


«Ұлпан» романындағы кейіпкерлер бейнесі
МЫРЗАГАЛИЕВА АКНУР ДОСКАЛИЕВНА
 Түркістан облысы, Түркістан қаласы
 «Некрасов атындағы N9 меате-гимназия»
 Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлім:	3-тарау. «Адам жанының құпиясы»	
Педагогтің аты-жөні	Мырзагалиева Акнур Доскалиевна	
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Ғабит Мүсірепов. «Ұлпан» романындағы кейіпкерлер бейнесі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау;	
Сабақтың мақсаты	Шығарманың идеясы бойынша кейіпкерлер жүйесін анықтайды, кейіпкерлерге мінездеме бере алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<i>Сабақтың басы</i>	<p>Үй жұмысын пысықтау. «Сұрақтар жаңбыры» әдісі бойынша сұрау.</p> <p>1. Ғабит Мүсіреповтың тарихи ел шежіресінің мазмұны негізінде жазған романдарының бірін ата. (Ұлпан)</p> <p>2. Ол роман қай жылы жазылды? (1974 жылы)</p> <p>3. Бұл роман неше бөлімнен және неше тараудан тұрады? (үш, жиырма</p>	сұрақтарға жауап береді.	ҚБ. «Ашық микрофон» арқылы бірін-бірі бағалайды.)	

	<p>төрт)</p> <p>4. Ұлпан романында қанша кейіпкер бар? (тоқсанға жуық)</p> <p>5. Шығарманың оқиғасы қай ғасырдағы қазақ даласында болған тарихи шындыққа негізделген? (19-ғасыр)</p> <p>6. Романдағы басты кейіпкерлер кімдер? (Есеней, Ұлпан)</p> <p>7. Романның ерекшеліктерінің бірі неде? (қазақ ауылының жүз жылдық тұрмысы, әдет-ғұрпы, барымта, қалың мал беру, қыз айттыру, жер дауы, жесір дауы).</p>									
<p><i>Ортасы</i></p>	<p>Қызығушылықты ояту. Суретке қарап, қызға тән қасиеттерді сипаттап айтыңдар.</p>  <p>1-тапсырма Тыңдалым. Айтылым. Бейнебаянды тыңдап, «Түртіп алу» әдісі Дескриптор: - Бейнебаянды тыңдайды. - қажетті жерлерін түртіп жазып алады.</p> <p>2-тапсырма Айтылым. «Кейіпкерлерге мінездеме» әдісі</p> <table border="1" data-bbox="328 1742 884 1989"> <thead> <tr> <th>Кейіпкерлер</th> <th>кейіпкерлерге мінездеме</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	Кейіпкерлер	кейіпкерлерге мінездеме					<p>Суретті сипаттап айтады.</p> <p>кейіпкерлерді анықтап, мін</p>	<p>ҚБ. Дескриптор арқылы бағалау</p>	<p>Сурет</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=aVMNeCxQJLY</p> <p>Қазақ тілі 9 Арман-ПВ 2019</p>
Кейіпкерлер	кейіпкерлерге мінездеме									

	<table border="1" style="width: 100%; height: 40px;"> <tr> <td style="width: 50%;"></td> <td style="width: 50%;"></td> </tr> <tr> <td style="width: 50%;"></td> <td style="width: 50%;"></td> </tr> </table> <p>Дескриптор: - бірнеше кейіпкерлерді анықтайды. - кейіпкерлерге мінездеме береді;</p> <p>3-тапсырма Жазылым. «Төрт сөйлем» әдісі Дескриптор -кейіпкерді түрлі қырынан сипаттайды; - кейіпкер іс-әрекетінен дәлелдер келтіреді. -қорытынды шешімін жазады.</p>					<p>ездеме береді</p> <p>Өз ойын жазады.</p>	<p>ҚБ. Дескриптор арқылы бағалау</p>	
<p><i>Аяқталуы</i></p>	<p>Тақырыпты бекіту үшін Рефлексия: Үшбу хат.</p>  <p>Оқу тапсырмасы: Кейіпкерге хат жазу.</p>	<p>Тапсырманы келесі сабаққа дейін дайындайды</p>	<p>Кері байланыс беріледі.</p>					

МАЗМҰНЫ

- **ОРАЗАЕВА ГАЛИЯ КАЖИКЕНОВНА**
- **ДЖУМАТАЕВА ЭЛЬВИРА ШАХИЗАДАЕВНА**
- **МЫРЗАГАЛИЕВА АҚНУР ДОСКАЛИЕВНА**